

"Тауардың шыққан елін айқындау және тауардың шығуы туралы сертификаттарды беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі N 374 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 27 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 3 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5525 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Индустрия және Сауда министрінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 59 Бұйрығымен.

Ескерту. ҚР Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі N 374 Бұйрығының күші жойылды - ҚР Индустрия және Сауда министрінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 59 Бұйрығымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 11-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі N 374 "Тауардың шыққан елін айқындау және тауардың шығуы туралы сертификаттарды беру ережесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 5347 тіркелген, 2008 жылы 7 қарашада N 170 "Заң газетінде" жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген Тауарлар шығарылған елді анықтау және тауарлардың шығарылуы туралы сертификаттар беру ережелеріне:

1-бөлімнің 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне" деген сөздерден кейін "сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес өндірілген немесе жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен және Қазақстан Республикасы аумағында бұдан әрі айналымда болуға арналған тауарлардың қазақстанда шығарылғаны туралы сертификат алуға мүдделі шаруашылық субъектілеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - б ө л і м д е :

9 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "сондай-ақ мамандандырылған экономикалық аймақтардың аумақтарынан және Қазақстан Республикасының кедендік аумақтарының қалған бөлігіндегі бос қоймалардағы тауарларға" сөздері алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) "СТ-КЗ" нысанды сертификат – мына тауарларға:

- жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен және арнайы экономикалық аймақтар аумағынан және бос қоймалардан Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне әкелінетін тауарларға;

- Қазақстан Республикасының аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес өндірілген және жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен және Қазақстан Республикасы аумағында бұдан әрі айналымда болуға арналған тауарларға." ;

10 - тармақта :

бірінші абзацтағы "СТ-1", "А", "Түпнұсқа" деген сөздерден кейін "СТ-КЗ" деген сөзбен толықтырылсын;

2) тармақшада "СТ-1", "Түпнұсқа" деген сөздерден кейін "СТ-КЗ" деген сөзбен және "СТ-1" нысанды тауардың шығарылуы туралы" деген сөздерден кейін "СТ-КЗ" деген сөзбен толықтырылсын;

3 - бөлімде :

14-тармақтың үшінші абзацындағы "Қазақстан Республикасындағы" деген сөздер алынып тасталсын, "арнайы" деген сөздің алдына "Қазақстан Республикасының аумағында және" деген сөздермен толықтырылсын;

22-тармақтың он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы тармақтың 2) және 3)-тармақтарында көрсетілген құжаттар: арнайы экономикалық аймақтар аумағынан және еркін қоймалардан Қазақстан Республикасының кедендік аумағының қалған бөлігіне тауарлар шығару ;

Қазақстан Республикасы аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес өндірілген немесе жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен және Қазақстан Республикасы аумағында бұдан әрі айналымда болуға арналған тауарлар шығарылған елді анықтау кезінде көрсетілмейді;

38 - тармақта :

1) және 2) тармақшаларда "тіркелуі" сөзінен кейін "(қайта тіркелуі)" сөзімен толықтырылсын ;

3) тармақшадағы "Көлік құралдары және жүру бағдары" деген сөздерден кейін "(бұл қаншалықты белгілі)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшадағы "Шығарылу өлшемі" деген сөзі "Шығарылу өлшемдері" деген сөзбен ауыстырылсын ;

41-тармақтың 4)-тармақшасындағы " экспорт жүгімен қоса жүру (бұл қаншалықты белгілі " деген сөздер алып тасталсын;

4-бөлім мынадай мазмұндағы 41-1-тармағымен толықтырылсын:

"41-1. Осы Ережелердің 11-қосымшасына сәйкес "СТ-КЗ" нысанды сертификат мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады, сертификат бағандарында оның берген тауарлары туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 1-баған – "Тауарды өндіруші (атауы және пошталық мекен-жайы)" - тауарды өндірушінің заңды мәртебесін растайтын құжатқа сәйкес тауарды өндіруші болып табылатын жеке және заңды тұлғаның атауы:

- жеке тұлға үшін – жеке тұлғаны куәландырылатын құжаттың нотариалды расталған көшірмесіне сәйкес;

- жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкер ретінде өндірушінің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесіне сәйкес. Соның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес тауар өндірілген және/немесе жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен және арнайы экономикалық аймақтардың және еркін қоймалардың атауы көрсетіледі;

- заңды тұлға үшін - заңды тұлға ретінде өндірушінің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесіне сәйкес.

Бағандарды толтыру кезінде тауарды өндірушінің нақты орналасқан жерін растайтын құжатқа сәйкес өндірушінің пошталық мекен-жайы көрсетіледі;

2) 2-баған "Тауарды алушы (атауы және пошталық мекен-жайы)" - тауарды алушының заңды мәртебесін растайтын құжатқа сәйкес тауарды алушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаның атауы:

- жеке тұлға үшін – жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесіне сәйкес;

- жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкер ретінде өндірушінің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесіне с ә й к е с ;

- заңды тұлға үшін - заңды тұлға ретінде өндірушінің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесіне сәйкес.

Бағандарды толтыру кезінде тауарды өндірушінің нақты орналасқан жерін растайтын құжатқа сәйкес өндірушінің почталық мекен-жайы көрсетіледі;

3) 3-баған - "Тауардың шығуы туралы сертификатты алу мақсаты". Тауардың шығарылуы туралы сертификатты алу мақсаты көрсетіледі;

4) 4-баған – тауардың шығуы, оның пішіні туралы сертификаттың тіркеу нөмірі, сертификат берген ел (Қазақстан Республикасы);

5) 5-баған – "Қызметтік ескертулер үшін". Мемлекеттік бақылау органдарының қызметтік ескертулері, сондай-ақ мынадай жазбалар: "Түпнұсқа", "Сертификаттың орнына берілді" - жазылады. Егер, тауарды алушы болған жағдайда тауарды өндіруші мен тауарды алушы арасында тауарды алуға арналған келісім-шарт көрсетіледі;

- 6) 6-баған – "Нөмір". Тауардың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 7) 7-баған – "Орындар саны және орауыштың түрі". Тауар орауышының түрі (партиясы) және орындар саны көрсетіледі;
- 8) 8-баған – "Тауардың сипаты" - тауардың коммерциялық атауы және тауарды бір мәнде бірдейлендіруге мүмкіндік беретін басқа да мәліметтер;
- 9) 9-баған – "Шығарылу өлшемдері". Мынадай тауарлардың шығарылу өлшемдері көрсетіледі:

П – Тауар толығымен Қазақстан Республикасында өндірілген. Егер, тауар Қазақстан Республикасы аумағында жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес өндірілген және/немесе жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен жағдайда белгіленеді және Қазақстан Республикасы аумағында бұдан әрі айналымда болуға арналған тауарларға;

Д – Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық атау-тізімінің соңғы өнім кодының алғашқы төрт цифрі көрсетіліп, жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткен тауар;

К – шығарған елі кумулятивтік принцип негізінде анықталған тауар.

Егер сертификатта Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық атау-тізімінің әр түрлі тауарлық позицияларында жіктелген және әр түрлі шығарылу критерийлері бар тауарлар мәлімделсе, онда 9-бағанда шығарылу өлшемдері барлық мәлімделген тауарлар үшін дифференцияланып көрсетіледі.

10) 10-баған – "Жалпы/таза салмағы (кг)" тауардың салмақтық не сандық сипаттамалары; тауардың нақты саны мен сертификатта көрсетілген сан арасындағы айырмашылық 5% аспауға тиіс;

11) 11-баған – "Куәлік". Уәкілетті мемлекеттік орган толтырады және ішіне атауы, мекенжайы, мөрі және сертификатта көрсетілген мәліметтердің куәландырылған күні, сондай-ақ сертификаттауды растауға уәкілетті тұлғаның қолы, тегі және аты-жөні;

12) 12-баған – "Өтінім берушінің декларациясы". Тауардың шығарылған елдің атауы, тауардың шығарылған елі туралы мәліметтердің декларацияланған жері мен күні өтінім берушінің уәкілетті тұлғасының тегі мен аты-жөні, өтінім берушінің қолы мен мөрі.";

5-бөлімінің 42-тармағындағы "СТ-1" нысанды сертификаттың 5 бағандағы" деген сөздерден кейін "және СТ-КЗ" деген сөздермен толықтырылсын және "СТ-1 нысанды тауардың шығарылуы туралы сертификаттың 12-бағанында" деген сөздердің алдына "және СТ-КЗ" деген сөздермен толықтырылсын;

5 - қ о с ы м ш а д а :

3-бағанда "қоса жүру бағдары" деген сөздерден кейін "(бұл қаншалықты белгілі)" деген сөздермен толықтырылсын;

9-бағандағы "Шығарылу өлшемі" деген сөз "Шығарылу өлшемдері" деген

с о з б е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6 - қ о с ы м ш а д а :

9-бағандағы "Шығарылу өлшемі" деген сөз "Шығарылу өлшемдері" деген с о з б е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7 - қ о с ы м ш а д а :

3-баған деген "means of transport and route (as far as known)" жана редакцияда ж а з ы л с ы н ;

12-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Declaration by the export.

The undersigned hereby declares that the above details and statements are correct that all the goods were produced in _____

(c o u n t r y)

and that they comply with the origin requirements specified for those goods in the generalized system of preferences for goods exported to

_____ (i m p o r t i n g c o u n t r y)

Place and date signature of authorized signatory";

8 - қ о с ы м ш а д а :

1 2 - б а ғ а н д а :

"5" цифрінің алдына "N" белгісімен толықтырылсын;
"exported to" деген сөздерден кейін "authorized" деген сөз алып тасталсын;

9 - қ о с ы м ш а д а :

1-бағандағы ", ел" деген сөзден кейін ")" белгісімен толықтырылсын;

3-бағандағы "экспорт жүгімен қоса жүру" деген сөздер алып тасталсын;

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда вице-министрі Е.Қ. Мамытбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

В. ШКОЛЬНИК

К е л і с і л д і :
 Қазақстан Республикасының
 Қ а р ж ы м и н и с т р і
 Б.Б. Жәмішев _____

2009 жылғы 29 қаңтар

"Тауардың шыққан елін айқындау және тауардың шығуы туралы сертификаттарды беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі N 374 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Идустрия және сауда министрінің бұйрығына қосымша

Тауардың шыққан елін айқындау және тауардың шығуы туралы сертификаттарды беру ережесіне

11-қосымша

1. Тауарды өндіруші (атауы және пошталық мекен-жайы)		4. N _____ Тауардың шығуы туралы сертификат СТ - К Z нысаны берілді _____ (елдің атауы)	
2. Тауарды алушы (атауы және пошталық мекен-жайы)		5. Қызметтік ескертулер үшін	
3. Тауардың шығуы туралы сертификатты алу мақсаты		6. Нөмір	
7. Орындар саны және орау түрі	8. Тауардың сипаттамасы	9. Шығару өлшемдері	10. Ыдысымен/таза салмағы (кг)
11. К у ә л і к : Осы құжат бойынша өтініш берушінің декларациясы шындыққа сәйкес келеді _____ А т а у ы _____ М е к е н - ж а й ы _____ А т ы - ж ө н і _____		12. Өтініш берушінің декларациясы: Төменде қол қоюшылар жоғарыда көрсетілген мәліметтер шындыққа сәйкес келетініне, барлық тауарлар толығымен _____ (е л д і н а т а у ы) өндірілгеніне және жеткілікті өңдеуден/қайта өңдеуден өткеніне және олардың барлығы да осындай тауарларға қатысты белгіленген шығару талаптарына сәйкес екендігіне кепіл болады.	

Қ о л ы	-----	-----
-----	А т ы - ж ө н і	Қ о л ы
Күні	-----	-----
Мөрі	Күні Мөрі	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК